

Ауызсұмен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сүмен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текшे метрі үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 27 тамыздағы № 470 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 31 тамызда № 24170 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 37-1-бабының 8-9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ауызсұмен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сүмен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Казақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрі

Б. Атамкулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Экология, геология және

табиғи ресурстар министрліг

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің
2021 жылғы 27 тамыздағы
№ 470 бүйрекшімен бекітілген

Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен халыққа берілген ауыз судың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Су кодексінің (бұдан әрі – Су кодексі) 37-1-бабының 8-9) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Әдістеме тиісінше су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган немесе табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша облыстардың жергілікті атқарушы органдары бекіткен тізбелер бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін есептеу алгоритмін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.09.2022 № 538 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

2. Осы Әдістемеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімші – облыс әкімі айқындайтын, облыстың жергілікті атқарушы органдының тұрғын үй-коммуналдық қатынастар саласына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесі;

2) суды есепке алу аспабы – нормаланған метрологиялық сипаттамалары бар, белгілі бір уақыт аралығы ішінде физикалық шама бірлігін жаңғыртатын және сақтайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен суды коммерциялық есепке алу үшін қолдануға рұқсат етілген, судың (ауызсу, техникалық, сарқынды және сулардың басқа да тұрлерінің) көлемін өлшеуге арналған техникалық құрал;

3) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйым – елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалануды жүзеге асыратын су шаруашылығы ұйымы;

4) суды тұтынушы – су объектілерінен суды тұтынушы немесе су шаруашылығы үйымдарының қызметтерін пайдаланушы және сумен жабдықтау жүйелерінен су алушы жеке немесе занды тұлға;

5) тариф – реттеліп көрсетілетін қызмет құнының ақшалай көрінісі;

6) төлемақы мөлшері – тиісінше уәкілдегі орган немесе облыстардың жергілікті атқарушы органдары бекіткен тізбелер бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауыз судың бір текше метріне халық үшін белгіленген төлемақы.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.09.2022 № 538 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Төлемақы мөлшерін есептеу

3. Әкімші төлемақы мөлшерін есептеу үшін:

1) облыс бойынша орташа тарифті есептейді;

2) облыс бойынша әлеуметтік-экономикалық талдау жүргізеді;

3) әлеуметтік-экономикалық талдаудың нәтижелері бойынша қорытындыны дайындайды.

4. Облыс бойынша орташа тариф мынадай формулалар бойынша есептеледі:

1) есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін:

$$\bar{x} = \frac{\sum x}{n}$$

(есепке алу аспаптары бар)

(есепке алу аспаптары бар)

Мұндағы:

\bar{x} – суды есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін сумен жабдықтау қызметтеріне облыс бойынша орташа тариф;

$$\sum x$$

– облыс бойынша ауызсуды есепке алу аспаптары бар сумен жабдықтау қызметтеріне тарифтердің жалпы сомасы;

n – облыс бойынша ауызсуды есепке алу аспаптары бар сумен жабдықтау қызметтеріне арналған тарифтердің жалпы саны.

2) ауызсуды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін:

$$\bar{x} = \frac{\sum x}{n}$$

$$\text{есепке алу аспаптары жоқ)} \quad \text{есепке алу аспаптары жоқ)}$$

Мұндағы:

\bar{x} – облыс бойынша суды есепке алу аспаптарының сумен жабдықтау қызметтеріне орташа тариф;

$\sum x$ – облыс бойынша ауызсуды есепке алу аспаптарының сумен жабдықтау қызметтеріне облыс бойынша тарифтердің жалпы сомасы;

n – облыс бойынша ауызсуды есепке алу аспаптарының сумен жабдықтау қызметтеріне тарифтердің жалпы саны.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.09.2022 № 538 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Әкімші облыс бойынша әлеуметтік-экономикалық талдауды дайындау үшін мемлекеттік жоспарлау, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардан және табиғи монополиялар субъектілерінен соңғы үш жылдағы орташа жалақы, жан басына шаққандағы орташа табыс, жұмыссыздық деңгейі туралы, сумен жабдықтау қызметтерінің тарифтері, сумен жабдықтау қызметтеріне жиналу бойынша ақпаратты және келесі үш жылдық кезеңге күтілетін болжамды сұратады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.09.2022 № 538 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Облыс бойынша жүргізілген әлеуметтік-экономикалық талдау қорытындылары бойынша әкімші осы Әдістеменің 5-тармағында көрсетілген көрсеткіштерді ескере отырып, есептелген төлемақы мөлшерін негіздейтін қорытындыны дайындаиды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.09.2022 № 538 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Қорытындыны мемлекеттік жоспарлау және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша әкімшінің басшысы бекітеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.09.2022 № 538 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Төлемақы мөлшерін ел бойынша ең төменгі тарифтен төмен емес және осы Әдістеменің 4-тармағына сәйкес есептелген облыс бойынша орташа тарифтен жоғары емес мөлшерде белгілеуге жол беріледі.

9. Табиғи монополиялар субъектілері ұсынатын сумен жабдықтаудың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтері бойынша бастапқы деректер табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын аумақтық мемлекеттік органдар бұйрықтарының көшірмелерімен және (немесе) табиғи монополиялар субъектілерінің ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді төмендету туралы шешімдерімен расталады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.09.2022 № 538 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Төлемақы мөлшері "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген тарифтердің мерзіміне есептеледі.

11. Хабардар ету және жария талқылау мақсатында әкімші жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында әлеуметтік-экономикалық талдауды, қорытындыны және алдын ала есептелген төлемақы мөлшерін орналастырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.09.2022 № 538 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Әкімші Су кодексінің 39-бабының екінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес облыстың жергілікті өкілді органына есептелген төлемақы мөлшерін ұсынады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.09.2022 № 538 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Облыстардың жергілікті өкілді органдары төлемақы мөлшерін Су кодексінің 38-бабының екінші бөлігіне сәйкес бекітеді.